Сырмақ

© voxpopuli.kz


Менің Қазақстанымыз
Сырмақ өнері
Искусство сырмака
The art of syrmak
АЛМАТЫКІТАП

Қазақ қол өнері қорындағы киізден жасаған бұйымдар қайталанбас өзгешелігімен, қалыптасқан топтама жүйелігімен ерекшеленеді. Солардың бірі – сырмақ.

Арнайы басылған киізге басқа түсті киізден, матадан қиып дайындалған ою-өрнекті сырып тігу арқылы жасалған сәнді бұйым сырмақ деп аталады

Сырмақ сөзі «сыру» деген сөзден шыққан

Сырмақтың түрлері:

- көш сырмақ
- төр сырмақ
- төсеніш сырмақ
- Сырмаққа керек маталар:
- шұға
- барқыт
- жібек матасы

Сырмақтың түрлері:

- *үлкен сырмақ,*
- *кішкене сырмақ,*
- *төр сырмақ,*
- *төсек сырмақ,*
- *төрткүл сырмақ,*
- *тері сырмақ,*
- *бөстек сырмақ*

Сырмақтың жасалу жолдары:

екі түсті киізден ойып жасалады және киізге барқыттан, шұғадан ою ойып жапсырып тігеді

Сырмақ киізден сырып оюлап жасалған төсенгіш. Оны жасаудың атадан балаға таратылып, дәстүр болып келе жатқан өзіндік ерекше салты бар. Сырмақты түрлі түсті киізден ойып, өрнек салып та, сондай-ақ шымқай ақ киіздің бетіне қызыл, сары маталардан оюлап бастырып та тігеді. Сырмақ жасау үшін алдымен ою өрнек салынған үлгісі дайындалады. Мұндай үлгіні жасау үшін қалың қағаз, жұқа пластмассаларды пайдаланса көпке шыдайды. Сырмақ үшін біркелкі жұқа басылған киіздер, шұға және оюлары сетінемейтін маталарды пайдаланған ыңғайлы, әрі жұмыс өнімді, төзімді болады.

Қазақ халқының шеберлерінің қолынан шыққан сырмақтардың бояулары бір-бірімен үйлесімді, оюлары жатық, әсіресе төсегі мен оюы арасына жүргізілген жиек (суы) жүргізу тәсілі ерекше көз тартады. Сырмақ жасау өнерінде «қошқар мүйіз», «арқар мүйіз», т.б. ою-өрнектер көп қолданады. Олар өте дәлдікпен орналасып, бір-бірімен жалғасып, ұласып жатады.

Сырмақ сырылады, жиектелінуі астарланады. Сырмақтың осы түрі әрі жеңіл, әрі әдемі болады. Сәндік үшін аң мен мал терілерін сырмақ ортасына тұтастай жапсырған түрін жеңіл маталармен астарлайды. Көшпелі халқымыз әр сырмақтың пайдаланатын орнына байланысты, мысалы, үлкен сырмақ, кішкене сырмақ, төр сырмақ, төсек сырмақ, от киіз, от сырмақ, жамбас сырмақ, төрткүл сырмақ, тері сырмақ, тері бөстек деп атаған. Ол түр-түсіне қарай ақ сырмақ, қара сырмақ, қара ала сырмақ, қызыл сырмақ, сары ала, көк ала сырмақ деп атала береді. Жасалуына тән-бастырмалы, кестелі, ойма-нақышты т.б. түрлендірсе де болады.

Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге келе жатқан өнер. Шеберлердің қолымен шыққан қолөнер туындылыры, халықтың өмірімен, тұрмыс тіршілігімен, табиғатпен, эстетикалық талғамымен байланысты болған. Қазақ қолөнерінде пайдаланылған негізгі шикізаттың бірі жүн.

КИІЗ

КІЛЕМ

АЛАША

СЫРМАҚ

ЖҮН

АРҚАН

ТҰСКИІЗ

ТЕКЕМЕТ

ОТКИІЗ

Сарамандық жұмыс

Енді біз сырмаққа оюды дайындаймыз. Оны матаға салып қиып аламыз.





















Жұмбақ

Бар екен дүниеде жалғыз көзді,
Сол көзбен дүниенің бәрін кезді.
Әлемді он сегіз мың киіндіріп,
Дүниеден жап жалаңаш өзі безді.

Екі басты жалмауыз,
Керіп аузын ашады.
Алдына түскен нәрселер,
Өзінен өзі қашады.